Тіркеу №_135_
от «_23_» _ақпан_ 202 ж.

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің
2026 жылғы «_20_» _ақпан_
№_15_ шешімімен бекітілді

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатына өзгерістер мен толықтырулар

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 11.05.2023ж. № 6 шешімімен бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

5-тармақтың:

11) тармақшасындағы «Қордың» сөзі «сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің» сөздерімен ауыстырылсын;

12) тармақшасындағы «зерделеу, анықтау, шектеу бойынша Қордың» сөздері «қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік ахуалын қалыптастыру, анықтау бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің» сөздерімен ауыстырылсын;

10-тармақтың:

13) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«13) егер бұл әрекеттерде қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса, жеке тұлғаның мемлекеттік функцияларды орындауға өкілеттік берілген адамға не Уәкілетті тұлғаға не лауазымды адамға не жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамға, сол сияқты шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның лауазымды адамына заңсыз материалдық сыйақы, сыйлықтар, жеңілдіктер беруі не көрсетілетін қызметтерді ұсынуы;»;

мынадай мазмұндағы 13-1) тармақшамен толықтырылсын:

«13-1) заңды тұлғаның мемлекеттік функцияларды орындауға өкілеттік берілген адамға не Уәкілетті тұлғаға не лауазымды адамға не жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамға, сол сияқты шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның лауазымды адамына осы заңды тұлғаның немесе оның өкілі болған адамдардың пайдасына жасаған әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін, егер мұндай әрекеттер мемлекеттік функцияларды орындауға өкілеттік берілген адамның немесе Уәкілетті тұлғаның қызметтік өкілеттіктеріне кіретін болса не мемлекеттік функцияларды орындауға өкілеттік берілген адам немесе Уәкілетті тұлға лауазымдық жағдайына байланысты осындай әрекеттерге (әрекетсіздікке) ықпал етуі мүмкін болса, сол сияқты жалпы қамқорлығы немесе салғырттығы үшін мүлік, мүліктік сипаттағы пайда түрінде заңсыз материалдық сыйақы беруі;»;

14) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«14) егер бұл әрекеттерде қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса, Уәкілетті тұлғаның өзі немесе басқа адамдар үшін заңсыз материалдық сыйақыны, сыйлықтарды, жеңілдіктерді не көрсетілетін қызметтерді ұсынған адамдардың немесе олардың өкілі болған адамдардың пайдасына жасаған әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін, егер мұндай әрекеттер Уәкілетті тұлғаның қызметтік өкілеттіктеріне кіретін болса немесе Уәкілетті тұлға лауазымдық жағдайына байланысты осындай әрекеттерге (әрекетсіздікке) ықпал етуі мүмкін болса, жеке өзі немесе делдал арқылы осыларды алуы;»;

мынадай мазмұндағы 16), 17) тармақшалармен толықтырылсын:

«16) егер бұл әрекеттерде қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса, Уәкілетті тұлғаның дайындалып жатқан, жасалатын немесе жасалған сыбайлас жемқорлық қылмыстардың өздеріне мәлім болған жағдайлары туралы жоғары тұрған басшыға және (немесе) Қор басшылығына және (немесе) уәкілетті мемлекеттік органдарға жеткізбеуі;

17) егер бұл әрекеттерде қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса, Уәкілетті тұлғалардың жоғары тұрған басшыларының, Қор басшылығының Қазақстан

Республикасының заңнамасына сәйкес сыбайлас жемқорлық қылмыс туралы келіп түскен хабар бойынша шаралар қолданбауы.»;

21-тармақтағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының кодексіне» сөздері «Қазақстан Республикасының Салық кодексіне» сөздерімен ауыстырылсын;

44-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«44. Дайындалып жатқан, жасалатын немесе жасалған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығы туралы ақпараты бар уәкілетті тұлға бұл туралы жоғары тұрған басшыға және (немесе) Қор басшылығына және (немесе) уәкілетті мемлекеттік органдарға және (немесе) СҚҚ-ға дереу жазбаша түрде хабарлауы тиіс. Қордың басқа қызметкерлері дайындалып жатқан, жасалатын немесе жасалған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығы туралы Қормен байланыс арналарының кез келгеніне және (немесе) СҚҚ-ға және (немесе) жоғары тұрған басшыға және (немесе) Қор басшылығына және (немесе) уәкілетті мемлекеттік органдарға хабарлауға құқылы.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген тұлғаның жоғары тұрған басшысы, Қор басшылығы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келіп түскен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығы туралы хабарлама бойынша шаралар қолдануға міндетті.»;

47-тармақтағы «БЖЗҚ» АҚ-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүйесін ұйымдастыру қағидасында көзделген жағдайларда» сөздері алынып тасталсын.

Басқарма Төрағасы **Ж. Курманов**

№ MI-00336-2026

Лист согласования

Изменения и дополнений в Антикоррупционную политику акционерного общества «Единый накопительный пенсионный фонд»

Наименование должности	Наименование подразделения	Инициал имени, фамилия	Согласен/ не согласен	Подпись	Примечание
Главный специалист	Управление антикоррупционного комплаенса	Отыншинова Гульнар Мухаметрахимовна	Согласен	01.09.2026 16:22:12	
Начальник управления	Управление антикоррупционного комплаенса	Жукенова Асель Сериковна	Согласен	01.09.2026 16:52:33	
Директор департамента	Департамент риск-менеджмента	Оспан Эльмира Қыдырбекқызы \ Ткишев Куандык Амирович	Согласен	01.09.2026 17:14:37	
Директор департамента	Департамент безопасности	Усипов Камбар Туларович	Согласен	02.09.2026 08:34:17	
Начальник управления	Департамент управления персоналом	Гришаева Светлана Валериевна	Согласен	03.09.2026 10:07:13	
Заместитель директора департамента	Департамент управления персоналом	Жиеналина Гауһар Ғабитқызы	Согласен	03.09.2026 17:46:15	
Директор департамента	Департамент управления персоналом	Джилкибаева Гулназия Сеитовна	Согласен	04.09.2026 16:27:08	
Главный специалист	Юридический департамент	Нұрманова Әнел Сұлтанбекқызы	Согласен	04.09.2026 17:25:04	
Начальник управления	Юридический департамент	Терлікбай Әсел Жұмабайқызы	Согласен	04.09.2026 17:36:23	
Директор департамента	Юридический департамент	Бимен Айгерім Иманбекқызы	Согласен	04.09.2026 18:10:50	

Нөмірленген және тігілген

3 (үш) бет

(жазбаша)

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес басқармасының басшысы

_____/ Жукенова А.С.